

Сарсенова Ә.Б.,
Маульшариф М.

Өңірлік еңбек нарығы мен жұмысбастылық ерекшеліктері: Алматы облысы мысалында

Мақалада статистикалық мәліметтер негізінде Алматы облысы мысалындағы өңірлік еңбек нарығы мен жұмысбастылықтың даму ерекшеліктері талданады. Авторлар өз зерттеулерінде қазіргі қазақстандық қоғамның даму ерекшеліктерін талдау өңірлердің әлеуметтік-экономикалық модернизациясын, сонымен бірге, еңбек нарығын зерттеу контекстінде жүргізілуі қажет деп түйіндейді. Басты зерттеу назары жұмысбастылық сияқты еңбек нарығының негізін құраушы аспектіге жасалады. Сонымен қатар, өңір бойынша кедейшіліктің статистикасы мен сараптауына басты көңіл бөлінеді.

Өңірлік еңбек нарығы мен жұмысбастылық статистикасын талдай келе, өңірде оңды динамикамен қатар, еңбек нарығы саласында күрделі мәселелер де кездесетіні туралы тұжырым жасалды. Олардың ішінде тиімсіз жұмысбастылық пен еңбек ресурстарын пайдалану, өсіп келе жатқан құрылымдық жұмыссыздық, жұмыс орындарының төмен сапасы, өзбетінше жұмысбасты халықтың жоғары үлесі, адами капиталдың құнсыздануы. Авторлар, сонымен қатар, өңірдегі жұмысбастылық саласындағы статистиканы жетілдіру мәселесіне назар аударады.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмысбастылық, өңірлік жұмысбастылық, жұмыссыздық, экономикалық тұрғыдан белсенді адам.

Sarsenova A.B.,
Maulsharif M.

Regional features of the labor market and employment: the case of the Almaty region

In the article on the basis of statistical analyzes the characteristics of the regional labor market and employment on the example of Almaty region. In their study, the authors proceed from the assumption that the analysis of the specificity of modern Kazakhstan society should be conducted in the context of the study of the socio-economic modernization of the region, in particular the labor market. The main research focus is on such a fundamental aspect of the labor market as employment. Also, considerable attention is paid to the statistics and analysis of poverty in the region.

Analysis of the statistics of the regional labor market and employment suggests that the region is characterized by positive dynamics, along with serious problems in the workplace. Among them: the inefficient use of time and human resources, increasing structural unemployment, low quality jobs, a higher proportion of self-employed, the depreciation of human capital.

The authors also drew attention to the problem of improving statistics on employment in the region. For many key indicators, determined by the situation on the labor market, statistics are not available.

Key words: labor market, employment, regional employment, unemployment, economically active population.

Сарсенова А.Б.,
Маульшариф М.

Региональные особенности рынка труда и занятости: на примере Алматинской области

В статье на основе статистических данных анализируются особенности развития регионального рынка труда и занятости на примере Алматинской области. В своем исследовании авторы исходят из того положения, что анализ специфики развития современного казахстанского общества должен проводиться в контексте изучения социально-экономической модернизации регионов, в частности рынка труда. Основной исследовательский акцент делается на таком основополагающем аспекте рынка труда, как занятость населения. Также значительное внимание уделяется к статистике и анализу бедности по региону.

Анализ статистики регионального рынка труда и занятости позволяет сделать вывод о том, что регион характеризуется наряду с положительной динамикой с серьезными проблемами в сфере труда. Авторы также обратили внимание на проблему совершенствования статистики в области занятости региона. По многим важнейшим показателям, определяющим ситуацию на рынке труда, статистические данные отсутствуют. Отсутствие достоверных прогнозов по рынку труда и рабочей силе по всем основным количественным и качественным параметрам делает статистический анализ не полным.

Ключевые слова: рынок труда, занятость, региональная занятость, безработица, экономически активное население.

**ӨҢІРЛІК ЕҢБЕК
НАРЫҒЫ МЕН ЖҰМЫС-
БАСТЫЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
МЫСАЛЫНДА**

Халықтың жұмысбастылық, жұмыссыздық және еңбек ресурстарының мобильділік мәселесі әр уақытта ғылыми, қоғамдық, саяси қызметтердің, ұйымдардың өзекті тақырыбы болып табылады.

Қазақстанның өңірлік еңбек нарығын қарастырмас бұрын, ең алдымен, біздің ойымызша еңбек нарығы, жұмысбастылық, жұмыссыздық категорияларына қатысты әлеуметтік-экономикалық теорияларды қарастыру қажет.

Еңбек нарығына қатысты ХЕҰ берген анықтама көптеген шетелдік және отандық ғылымдарда кеңінен қолданылады. Ғалымдардың көзқарасы бойынша, еңбек нарығы – жалақы және еңбек шарты жағдайына қатысты кәсіпкерлер мен жұмысшылардың біріге келіссөз жүргізетін сала. Аталмыш анықтама еңбек қатынасы мен еңбекті бағалау механизміне бағытталған. Ал, кейбір қазақстандық мамандардың зерттеуінде еңбек нарығы жұмысбастылықты реттеудің әдісі және нарықтық экономиканың қалыптасуының алғышарты мен басты құрамдас бөлігі ретінде анықталады. Енді біреулері «еңбек нарығы» ұғымы әсіресе, нақты аймақ, сала бойынша төленетін жұмысбастылықтың саласымен сипатталады деп есептейді [1].

Ғылыми әдебиеттерге шолу еңбек нарығы сияқты күрделі және көпқырлы феноменді талқылауда амал-тәсілдердің кең спектрі бар екенін көрсетті. Қазіргі заманғы зерттеушілер еңбек нарығы мәселесі туралы көптүрлі көзқарастарды қорытып, оның басты аспектілерінің бірі еңбек нарығы мен жұмысбастылық механизмін зерттеу бойынша бірнеше концепцияларға сілтеу жасайды. Олар: классикалық, неоклассикалық, кейнсиандық және монетаристік [2, 5].

Жалпы еңбек нарығы, еңбек қатынасы, жұмысбастылық теориясын түсіндіруге талпыныс жасап, еңбек нарығының, еңбек қатынасының классикалық бағытын қалыптастырғандар А. Смит [3], Д. Рикардо [4], Ж.Б. Сэя, К. Маркс [5] болды. А. Смит пен Д. Рикардо еңбек нарығына тепе-теңдікке ұмтылу қасиеті тән, ал оған толық жұмысбастылық арқылы қолжетуге болады деп тұжырымдайды.

Неоклассикалық теорияның өкілдері А. Маршалл [6, 120], Дж.Б. Кларк және т.б. егер еңбек нарығында тепе-теңдік болса, жұмыссыздық мүмкін емес деп түсіндіреді. Жұмыссыздықтың

себебі төмен жалақы салдарынан жұмысшылардың қызметтен бас тартуы болып табылады.

Кенсиандық теория бойынша экономикада толық жұмысбастылыққа кепілдік беретін ешқандай механизм жоқ, толық жұмысбастылық ол кездейсоқтылық. Дж. Кейнс бойынша толық жұмысбастылыққа еңбек нарығын реттеуші ролін атқаратын мемлекет араласқанда ғана жұмыссыздықты жоюға болады [7, 368].

Монетаристік концепция өкілдері нарықтық шаруашылық тұрақтылыққа ұмтылады деп, олар кенсиандық теорияға қарсы шығып, яғни мемлекеттік араласу шаруашылық дамудың қалыпты жолын бұзуға әкеледі деген пікірді ұстанады [8, 125].

Қазіргі қазақстандық жағдайға келетін болсақ, Елбасы өзінің кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауының бірінші бағытында – Қазақстандықтардың жұмысбастылық мәселесіне назар аударып, жаңа жұмыс орындарын ашу, ауылдық жерлерде кәсіпорындарды дамыту, еңбек ресурстарының мобильділігін арттыру мәселелеріне тоқталып өтеді. Президент өңірлердің өзектілік мәселесін көтере отырып: «Қуатты Қазақстан дегеніміз – бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы болып саналады» деп атап өтеді [9]. Елбасы өңірлерді дамытуға, қуатты өңірлерге азаматтардың қоныс аударуына мемлекеттің көмек беруі аса қажет, елдің әлеуметтік-экономикалық болашағы өңірлерді дамытуда жатқанында екенін түсіндіреді.

Өңірлердің табысты өзгеруіне жағдай жасайтын басты факторлардың бірі – ол тұрғындардың жұмысбастылығы. Біз қарастырып отырған Алматы облысының жұмысбастылық пен еңбек нарығының табиғатына тоқталмас бұрын, «жұмысбастылық» (кейде жұмыспен қамту деп те атайды) деген ұғымды анықтап алудан бастаған дұрыс болады. Экономикалық ұстаным көзқарасы тұрғысынан жұмысбастылық - нақты адамдардың жеке және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты заңға қайшы келмейтін әрекеті, ол жұмыс істейтіндерге жалақы немесе еңбек табысын әкеледі, сондай-ақ ол еңбек нарығындағы жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының сандық және сапалық баланстылығы дәрежесінің көрініс ретінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық қатынастары [10, 74]. деп анықтама береді. Ал Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңында былай жазылған: «жұмыспен қамтылу дегеніміз – жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты және (немесе) табыс немесе кіріс әкелетін еңбек қызметі» деп түсіндіреді.

[11]. Осыдан, жұмысбастылық тұрғын халыққа кірістің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, адами потенциалды дамытады деген пікірге келеміз.

Қазақстанда еңбек нарығы салалық және өңірлік болып қалыптасқан. Салалық еңбек нарығы нақты кәсіби ұсыныстар мен сұраныстарды, ал өңірлік еңбек нарығы, ең алдымен, Республиканың субъектілерін (аудан, ауыл) білдіреді. Республиканың бұндай субъектілерінің еңбек нарығы, соның ішінде халықтың жұмысбастылық саласындағы мәселелерді аймақтық саясат жүзеге асырады. Себебі, аймақтық саясат әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. «Мемлекеттің аймақтық саясаты – елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуын кеңістіктік, аймақтық аспектіде басқару жөнінде әрекет саласы, яғни мемлекет пен аудандар арасындағы, сондай-ақ аудандардың бір-бірімен өзара қатынастырымен байланысты» деп ҚР Үкіметі, сонау 2000 жылдардың басында аймақтық саясат проблемасына назар аударған [12, 189-190].

Алматы облысының еңбек нарығы күрделі көп деңгейлі аумақтық жүйе ретінде көптеген экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, институционалды, табиғи құбылыстар мен үрдістермен тығыз өзара қарым-қатынаспен қалыптасып, қызмет етеді.

Қазіргі кезде Алматы облысы жоғары еңбек потенциалымен сипатталады. Облыстың еңбек нарығының әлеуметтік факторының қалыптасуына кадрлер дайындау жүйесі мен онымен негізделген білікті-кәсіби деңгей, халықтың жалпы мәдени деңгейі, әлеуметтік құрылымның дамуы, халықтың еңбекке қатынасының аймақтық және әлеуметтік менталитеті кіреді. Бірақ солардың ішіндегі ең бастысы тарихи қалыптасқан халықтың өмір сүру салты мен деңгейі болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстанның барлық өңірлеріндегі сияқты экономикалық реформаның салдарынан Алматы облысы халқының едәуір бөліктерінде өмір сүру деңгейі төмендеді. Дағдарыстық құбылыстың салдарынан 2008 жылдың аяғында облыста халықтың жұмысбастылық саласында жағымсыз тенденция байқалды. Бұл динамика жұмыссыздар санын 2009 ж. 56,3-ға дейін өсуге алып келді.

Жұмысбастылық стратегиясын шешу үшін өңірде 2009 жылы дағдарысқа қарсы нақты шаралар жасалынды. «Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша аймақтық шаралар жоспары әзірленді. Жалпы, 2009 ж. «Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 19847 жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бе-

ріп, 19847 жұмыссыздар жұмысқа орналасты. Облыстың даму динамикасын төменде қарастыратын боламыз.

Облыс еңбек нарығындағы қызмет ету субъектісі ретінде еңбек ресурстарының өзі емес, тек экономикалық тұрғыдан белсенді халық болып табылды. Экономикалық белсенді халық – статистикалық бақылаудың есепті мерзімінде материалдық құндылықтар мен қызмет көрсетулерді өндіру үшін өздерінің еңбектерін ұсынатын адамдар. Осындай халықтың қатарына қатардағы ха-



лық, сондай-ақ қарулы күштерде қызмет атқарып жатқан адамдар да кіреді және ол екі құрамдас бөліктерден тұрады: жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар. Ал экономикалық белсенді емес халыққа жасына қатыссыз жұмыспен қамтылғандардың және жұмыссыздардың санына кірмейтін барлық адамдар жатады (үй шаруасындағы әйелдер, жұмыс істемейтін мүгедектер, еңбекке қабілетті жастағы оқушылар мен студенттер, жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтіндер, жұмыс істемейтін зейнеткерлер және өзгелер) [10,74].

1 кесте – Еңбек рыногының негізгі индикаторлары

жылдар	Еңбек ресурстары					
	Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық (мың адам)	Экономикалық тұрғыдан белсенді халық				
		Олардың ішінде:				
		Жұмыссыздар	Жұмысбасты			
			Жалдамалы жұмысшылар	Өзбетінше жұмысбасты халық		
2001	349,5	733,3	75,0	658,3	335,0	323,3
2002	321,1	761,2	70,4	690,8	368,4	322,4
2003	338,5	789,7	68,0	721,7	392,0	329,8
2004	365,0	798,7	62,3	736,4	415,4	321,0
2005	381,7	804,1	59,0	745,1	414,5	330,6
2006	386,2	816,1	57,8	758,3	426,1	332,2
2007	388,0	834,1	55,9	778,2	441,3	336,9
2008	387,4	854,2	54,7	799,5	462,1	337,4
2009	395,3	863,4	56,3	807,0	467,0	340,1
2010	384,3	893,3	50,2	843,1	477,6	365,5
2011	387,2	947,0	47,9	899,1	502,3	396,8

Дерек көз: ҚР Статистика жөніндегі Агенттігі

1-диаграмма



2-диаграмма



1-кестеден байқап отырғанымыздай, 2001-2011 жылдары еңбек нарығындағы бірқалыпты, тұрақты дамуын облыстың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының өсуін байқаймыз. 2001 ж. – 733,3 мың адам және 2011 ж. – 947,0 мың адам. 2001 жылмен салыстырғанда ол 8,3 %-ға өсті. Соған қоса жұмысбасты халық саны 213,7 мың адамға өсті және 899,1 мың адамды құрады, ал 2001 жылмен салыстырғанда жұмыссыздар саны 27,1 мың адамға төмендеп, 2011 жылы 47,9 мың адамды құрады. 2001 жылы жұмысбасты халық деңгейі 92,7% , ал 2011 жылы 95,5% құрады, ал жұмыссыздық деңгейі 2001 жылы 7,3%, 2011 жылы 5,5% құрады, демек, жұмысбастылық өсіп, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық 387,2 мың адамды құрады. 10 жыл ішінде 2001-2011 жылдар аралығында жұмысбасты халық саны 90%-дан 95%-ға дейін өсіп, ал жұмыссыз адамдар саны 10%-дан 5%-ға дейін төмендеді.

Жұмысбасты халықтың құрылым динамикасы жалдамалы жұмысшылар санының өсуімен және өзбетінше жұмысбасты халықтың қысқаруымен сипатталады. Халықтың жұмысбастылық санының ішінде жалдамалы жұмысшылардың тұрақты өсуін 2-ші диаграммадан байқауға болады. Мысалы, 1-кестеде келтірілгендей, жалдамалы жұмысшылар 2001 ж. – 335,0 мың адам, 2011 ж.- 502,3 мың адамды құрады. Өз бетінше жұмысбасты тұрғындар саны азайды - 2001 ж. – 323,3 мың адам, 2011 ж.- 396,8 мың адам. Халықтың жалдамалы жұмысшылар мен өз бетінше жұмысбасты бөлігінің жалпы жұмысбастылық санының динамикасы төмендегідей көрінеді: 2001 ж. – 50,8 %, ал 2011 ж.- 55,8 % өскенін; өзбетінше жұмысбасты халықтың динамикасы: 2001 ж. – 49,1 %, ал 2011 ж.- 43,8 %. төмендегенін байқаймыз. Сонымен, өз бетінше жұмысбасты

халықтың үлесі жұмысбасты халық санына қарағанда 2001 ж. 49,1 %-дан 2011 ж. 43,8 %-ға дейін төмендеді. Алайда ол әлі де төмендету бойынша шараларды қолдануды талап етеді.

Өзбетінше жұмыспен қамтылған 276,9 мың тұрғын адам немесе 81,4% ауылдық жерлерде тұрады; 60% жеке шаруашылықпен айналысады; 30% индивидуалды негізде жұмыс істейді; 10% шағын бизнес кәсіпорындарда қызмет етеді. Өзбетінше жұмысбасты халықтың жоғары деңгейі ауылдық жерлерге тиесілі және 2010 жылдың 1 қаңтарына сәйкес 44,6% немесе 276,9 мың адамды құрап отыр. Ауылдық жерлердегі 44,0 мың адам жұмыссыздар қатарына жатып, жұмыссыздық деңгейі 6,6% құрады. Сонымен қоса, облыстың ауылдық жерлерінде жеткіліксіз вакантты жұмыс орын мәселесі шешілмей отыр.

Өңірдегі еңбек нарығының мониторингі, ауылдық жерлердегі жұмысқа орналасу мәселесі бірнеше жағдайларға байланысты қиындап отырғанын көрсетеді: ауыл шаруашылық жұмыстарының маусымдығы, жұмыс күшінің артықшылығы, мамандық бойынша жұмыстың жоқшылығы.

Жұмысбасты халықтың негізгі бөлігі ауыл шаруашылығында еңбек етеді – 48,5%, өнеркәсіппен құрылыста – 12,8%, қызмет көрсету саласында – 38,7%. 2005 жылы аталмыш көрсеткіш сәйкесінше 48,6%, 11,3% және 40,1% құрады, яғни өсім жұмысбастылықтың барлық саласында байқалады. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласында да жұмысбастылық бөлігі едәуір өсті [13].

Халықтың жұмысбастылық құрылымының өзгеруі жұмыссыздық деңгейінің қысқару үрдісімен анықталады, яғни 2001 жылы 10,2 %-дан 2011 жылы 5,1 %-ға дейін төмендеді және халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділік деңгейі өсті (3-диаграмма).

Нәтижелі жұмысбастылықты болдыру және өзбетінше жұмысбасты халық санын төмендету үшін облыста бос жұмыс орындарын белсенді іздеу мен іріктеу, оқыту, жұмыссыздарды қайта даярлау, біліктілігін көтеру қолданылады. Жастар мен әйел адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жаңа жұмыс орындарын, вакансиялар жәрмеңкесі өткізіліп отырады. Мысалы, 2010 ж. «Жол картасы» бағдарламасы аясында 14141 жұмыс орындары ашылып, 14418 адам жұмысқа

орналасты, «Жастар практикасы» бағдарламасына 1852 түлектер қатысты [14].

«Жол картасы» бағдарламасы бойынша облыс, аудан, қала әкімдерінен қайта оқытуды қажет ететін мамандықтар тізбесі Алматы облысының жұмысбастылықты үйлестіруші және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсынылып отырады. Аталмыш басқарманың мәліметінше, төмендегі кестеде келтірілген мамандықтар 2014 жылы қажет болды. (2-кесте)

2-кесте – Аудан, қала әкімдерімен ұсынылған облыстың еңбек нарығында «Жол картасы» бойынша қажетті кәсіби оқыту мамандықтар тізімі (2014)

№	Мамандықтар атауы	Барлығы	Ақсу	Алақөл	Есекелді	Жамбыл	Іле	Қарасай	Қаратал	Райымбек	Талғар	Ұйғыр	Қапшағай к.	Талдықорған к.
	Облыс бойынша барлығы	51	3	3	3	3	10	5	5	1	5	3	5	5
1	Бухгалтер	15					5				5			5
2	Мал дәрігер санитары	3					3							
3	Мектеп тәрбиешісі	2					2							
4	Шаташтараз-модельер	1				1								
5	Тігінші	8		3				5						
6	Аспазшы	18			3	1			5	1		3	5	
7	Ауыл шаруашылығындағы тракторист-машинист	3	3											
8	Электрогазосварщик	1				1								

Алматы облысының жұмысбастылықты үйлестіруші және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметтері бойынша жұмысбастылық, жұмысқа орналасу жөнінде 2014 жылдың қараша айында 916 адам, соның ішінде – 564 адам уәкілдік органдардың көмегіне жүгінді.

Жұмыссыз есебінде жұмыспен қамту органдарының тіркеуінде 2014 жылдың қараша айының соңына қарай 2160 адам тұрды. 2013 жылдың қараша айына қарағанда ол 342 адамға көп (15,1%) және 2014 жылдың қазан айына қарағанда 856 адамға (24,9%) аз болды [15,63].

Алматы облысының қазіргі экономикалық потенциалы жұмысбасты адамдардың санымен анықталады. Әрине бұл үрдіс экономиканың жандануына байланысты болып отырды, алайда сонымен қатар жұмысбасты халық санын анықтау әдісінің өзгеруі де сөзсіз әсер етті. Бұл үрдіс Алматы облысында да байқалды. Мысалы, ҚР статистика жөніндегі Агенттіктің мәліметі бойынша 2010 жылы бұл өңірде жұмысбасты халық саны 843,1 мың адамды құрады. Соңғы

жылдары облыста жұмысбастылықтың тұрақтылығы сақталуда. Оның басты себебі, жаппай жұмыссыздыққа жол бермейтін ірі кәсіпорындар мен билік органдарының саясаты. Сонымен қоса, ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы нарықтық реформаның нәтижесі еңбек нарығына қатысы жоқ аса маңызды категориядағы адамдардың қалыптасуына алып келді. Облыстық статистика қызметі халықтың осындай категориясын нақты есепке алмай, тек «жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын еңбекке қабілетті тұрғындарды; әскери қызметтегілер және т.б.; экономика саласында шұғылданбайтындарды» көрсетеді. Жеке қосалқы шаруашылық бүгінгі күнде халықтың едәуір бөлігі үшін жұмысбастылықтың негізгі түріне айналды. Бұрында ол әсіресе ауыл тұрғындары үшін күнкөрістің қосымша көзі болып саналған.

Алматы облысының әкімшілік аудандарының еңбек нарығының аймақтық ерекшеліктері оның шаруашылық құрылымымен анықталады. Облыстың жұмысбасты халқының басым бөлігі

(70%-ға жуығы) салалық өндіріспен айналысады. Облыстың өндіріс саласындағы жұмысбастылық ең алдымен жетекші салалардың есебінен қалыптасады. Оларға: жұмысбасты халықтың жартысынан астам келетін, өндіріс, ауыл шаруашылығы мен сауда жатады. Республикада жүргізілген экономикалық реформалар облыс-

тың экономика секторының қарқынды дамуына алып келді. Жалпы аймақтық өнім құрылымындағы едәуір бөлікті өнеркәсіп – 19,1%, ауыл шаруашылығы – 18,1%, құрылыс – 10,6%, яғни Алматы облысының салалық дамуының ішінде көшбасшылардың қатарына өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс жатады (2-кесте).

3-кесте – Жалпы аймақтық өнімнің дамуына салалық өндірістің қосқан үлесі, %

Салалар	2004	2005	2006	2007	2008	2009
Ауылшаруашылығы	27,8	22,4	18,1	17,5	16,4	18,1
Өнеркәсіп	35,9	26,6	23,9	19,8	20,5	19,1
Құрылыс	8,1	10,4	10,8	8,5	12,0	10,6
Сауда	7,4	7,6	9,0	9,3	9,1	7,3
Көлік және байланыс	13,8	16,0	12,8	11,1	9,5	9,5
Басқа салалар	13,0	17,0	25,4	33,8	32,5	35,4
Қорытынды, жалпы	100	100	100	100	100	100

Дерек көз: 2011-2015 жылдарға арналған Алматы облысының даму бағдарламасынан алынды

Тауарайналым мен қоғамдық тамақтану қызметтерінің едәуір үлес салмағы Қарасай, Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары мен Талдықорған қаласына тиесілі. Алматы қаласының жақын орналасуына орай сауда орталықтары басқа аудандарға қарағанда осы аудандарда едәуір көп қалыптасқан [16,31].

Алматы облысының жұмысбасты халықтың салалық құрылымы оның әр әкімшілік аудандары мен қалалық елді-мекен деңгейі бойынша ерекше болып келеді. Оның басты факторы Қазақстанның мәдени және қаржы орталығы Алматы қаласының жақын орналасуы болып табылады және ол көптеген жеке ерекшеліктерімен сипатталады. Қарастырылып отырған жұмыста облыс (облыс аумағында орналасқан 3 қала: Қапшағай, Текелі, Талдықорған, 16 аудан) еңбек нарығының аймақтық элементтерін 6 типтік топтарға бөлуге болады:

- 1) көпқызметті облыс орталығы – Талдықорған қаласы;
 - 2) аграрлық-өнеркәсіптік аудандар: (Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай, Талғар).
 - 3) мал шаруашылығы-өнеркәсіптік аудандар: (Райымбек, Қарасай).
 - 4) өнеркәсіптік өндіріс аудандар: (Ұйғыр, Ақсу, Коксу, Іле және Талдықорған қ.).
 - 5) транспорттық-шекаралық аудандар: (Жаркент қ., Үшарал қ.)
 - 6) тауарайналым мен қоғамдық тамақтану қызмет аудандар: (Қарасай, Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары мен Талдықорған қ.).
- Сонымен қоса, облыс еңбек нарығында кейбір мәселелер кездеседі. Солардың ішінде маңыз-

дылары мыналар болып табылады: жұмыссыз азаматтардың кәсіби-біліктілік құрылымындағы сәйкессіздік; орта кәсіби, жоғары кәсіби білімдері жоқ азаматтардың едәуір үлесінің болуы; білікті кәсіби мамандардың және инженерлік құрамның жетіспеуі; әсіресе ауылдық жерлердегі дәрігерлер кадрларының тапшылығы; бұқаралық ақпарат құралдары қызметтерінде журналистика және техникалық маманның аздығы; жұмыс күшінің төмен сапасы мен тиімсіз жұмысбастылықтың бар болуы; әсіресе ауылды жерлерде жұмыссыздық әлі де сақталуда; өзбетінше жұмысбастылардың едәуір саны әлі қалып отыруы.

Халықтың жұмысбастылық саласындағы аймақтық саясаттың басты бағыттарын негіздей отырып, облыстық еңбек нарығы деңгейде дамығанымен, толығымен қалыптаспағандығы байқалады. Сол себепті жұмысты тек ресми түрде тіркелген жұмыссыз адамдармен жүргізіп қана қоймай, оның реттелуін кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Бұндай аспект аса өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу негізінде және жұмысбастылық үрдісі мен жұмыссыз тұрғындарды оңтайлы басқарумен құрастырылу қажет. Сондықтан өңірлік саясатқа бірнеше бағыттарды ұсынуды жөн көрдік: 1) мерзімді мониторингтер жүргізу; 3) ауылдық жерлерде шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты консультациялық көмектер орталықтарын аша отырып, өзбетінше жұмысбасты халық санын азайту; 4) халықтың экономикалық сауатын жоғарылату мақсатында әртүрлі оқу орталықтарын, жаңа жұмыс орындарын ашу; 5) жұмысбасты халықтың

салалық құрылымындағы диверсификациялау; 6) жас мамандардың жұмысқа орналасу қажеттілігін одан әрі дамытып, жұмысқа орналасу мерзімін қысқарту; 7) жұмысбастылық саласындағы жетістіктер мен проблемалары туралы жұртшылықты ақпараттандыру, сұранысқа ие мамандықтарға үгіт-насихат жүргізу; 8) еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес даярлау, қайта даярлау, кәсіби оқыту жүйесін дамыту; 9) демобилизациядан кейінгі әскери қызметкерлерді жұмысқа

орналасуға көмек көрсету; 10) жұмыс берушілер есебінен кадрларды дайындау, қайта даярлау мен өндіріс ішілік білім беруді дамытуда көмек беру; 11) өңірдегі жұмысбастылықтың қажеттілігі және т.б. оқтын-оқтын ғылыми негізделген зерттеулер жүргізу, аймақтың даму саясатында зерттеу нәтижелерін кеңінен қолдану. Бұл бағыттар аудандық және қалалық еңбек нарығы деңгейінде барлық негізгі процестерді дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Абжатов А.К. Методологическая характеристика основных элементов рынка труда. // Вестник Академии наук РК. №5. 2014. – С.150-157.
- 2 Агабекян Р.Л., Авагян Г.Л. Современные теории занятости. –М., 2001.-С.5.
- 3 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. В 2 т. – М., Наука, Т.1, 570 с., 1993.
- 4 Риккардо Д. Сочинения. – М., 1961. – С.-8.,
- 5 Маркс К., Энгельс Ф. Капитал. Собр. соч., – М., Политиздат, т.23, 1954-1981. – С.180,
- 6 Маршалл А. Принципы экономической науки. В 2 т. – М., Прогресс, т.2, – С.120, 1993.
- 7 Павленков В.А. Рынок труда. Занятость. Безработица: учебник. – М., МГУ, 368 с., 2004.
- 8 Фридмен М., Хайек Ф. О свободе. Минск, Полидак-референдум, 125. – С., 1990.
- 9 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» // Егемен Қазақстан. 2012 жылғы 28 қаңтар.
- 10 Қазақстандағы адам дамуы. – Алматы: 2004. – 74 б.
- 11 Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000149_
- 12 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жж. Бағдарламасы. 189-190 б.
- 13 Национальный аналитический центр. – Электронды ресурс. – Қолжетімді ресурс. <http://www.nac.gov.kz/news/analytics/analytical-note.php>.
- 14 <http://www.almoblsobes.kz/index>
- 15 Алматы облысының статистика департаменті. – Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. 2014 ж. қаңтар-қараша. 63 б.
- 16 Программа развития Алматинской области на 2011-2015 годы. – Талдықорган, 2011. 153б.

References

- 1 Abzhatova AK Methodological description of the main elements of the labor market. // Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. №5.2014. – P.150-157.
- 2 Aghabekian RL, GL Avagyan Modern theories of employment. – М., 2001.-p.5.
- 3 A. Smith, The Wealth of Nations. In 2 v. М., Science, Vol.1, 570 pp., 1993.
- 4 Ricardo D. Writing.-M., 1961.-p.-8.,
- 5 Marx, Engels. Capital. Coll. cit., М., Politizdat, t.23, 1954-1981., p.180,
- 6 Marshall A. Principles of economics. In 2 v. М., Progress, Vol.2, p.120, 1993.
- 7 Pavlenkov VA Labor market. Employment. Unemployment. Textbook. Moscow, Moscow State University, 368 pp., 2004.
- 8 M. Friedman, Hayek F. On Freedom. Minsk, Polidak-referendum, p.125, 1990.
- 9 Address by the President of the Republic of Kazakhstan «Socio-economic modernization - main direction of the country,» Kazakhstanskaya Pravda. 2012, January 28
- 10 Human development in Kazakhstan. A .: 2004, p.74.
- 11 The Law on Employment of the Republic of Kazakhstan. Number 149 of January 23, 2001 http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000149_
- 12 The Government of the Republic of Kazakhstan for 2000-2004 . P.189-190.
- 13 National Analytical Center-Elektronny resurs.-Kolzhetimdi resource. <http://www.nac.gov.kz/news/analytics/analytical-note.php>
- 14 <http://www.almoblsobes.kz/index>
- 15 The Department of statistics of Almaty region. Socio-economic development of Almaty oblastidamuy. 2014 January-November. p.63.
- 16 The program of the Almaty region in 2011-2015. Taldykorgan, 2011. p.153.